

ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕСПЕРЕБОЙНЫХ ПЕРЕВОЗОК И УВЕЛИЧЕНИЯ ПРОПУСКНОЙ И ПРОВОЗНОЙ СПОСОБНОСТИ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ В ТЕЧЕНИЕ ТРЕХ ЛЕТ ҚТЖ ПЛАНИРУЕТ ПОСТРОИТЬ СВЫШЕ 1 200 КИЛОМЕТРОВ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ. ВЕДЕТСЯ СТРОИТЕЛЬСТВО ВТОРЫХ ПУТЕЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО УЧАСТКА ДОСТЫК – МОЙЫНТЫ, ЗАПЛАНИРОВАНО СТРОИТЕЛЬСТВО ЛИНИЙ ДАРБАЗА – МАКТААРАЛ, БАХТЫ – АЯГОЗ, ОБВОДНОЙ В ОБХОД АЛМАТЫ.

Канат АЛЪМАГАМБЕТОВ,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»



№88 (2905)
20/10/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ИНИЦИАТИВА ОПОП ВЫСВЕТИЛА ГЛОБАЛЬНУЮ РОЛЬ КАЗАХСТАНА

В рамках официального визита Президента РК Касым-Жомарта Токаева в Китай делегация АО «НК «Қазақстан темір жолы» приняла участие в ряде международных мероприятий, в том числе в третьем Международном форуме «Один пояс, один путь». Мероприятие приурочено к 10-летию одноименной инициативы, предложенной лидером Китая Си Цзиньпином именно в Казахстане.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

За это десятилетие контейнерный грузооборот между Казахстаном и Китаем превысил 6,5 миллиона контейнеров, при этом объемы в направлении Китай – Европа – Китай выросли более чем в 100 раз (с 7,6 тысячи в 2013 до 790 тысяч в 2022 году).

В рамках визита проведены встречи с руководителями Китайских железных дорог, CRRC, Huawei, ООО «ГК Порт Ляньюньган» и другими

партнерами. Подписан ряд документов, в числе которых: рамочное соглашение о приобретении локомотивов с крупнейшей китайской корпорацией CRRC и соглашение о сотрудничестве с ООО «ГК Порт Ляньюньган». Каждый документ имеет стратегическое значение. К примеру, Соглашение о сотрудничестве между ҚТЖ и CRRC предусматривает приобретение маневровых и магистральных тепловозов, создание инжинирингового и сервисных центров обслуживания в Казахстане.



Президент отметил, что наша страна заинтересована в глубокой локализации производства локомотивов с применением передовых технологий и созданием сервисных центров обслуживания железнодорожной техники. Он подчеркнул, что РК является ключевым транспортно-логистическим хабом, через который CRRC

может получить доступ на рынки Евразийского пространства и Европы.

Во время встреч подчеркнута стратегическая роль Казахстана, ставшего ключевым звеном в инициативе «Один пояс, один путь» (ОПОП). В рамках данной инициативы около 90% поездов следуют через Казахстан.

ЗА 10 ЛЕТ ЕСТЬ ЧЕМ ГОРДИТЬСЯ

За последние годы Казахстан направил на обеспечение транзитных перевозок более \$35 миллиардов. По словам Президента, Казахстан «прилагает серьезные усилия», чтобы стать транспортно-логистическим узлом международного значения. (Продолжение на 3-й стр.)

БОЛЬШЕ ГРУЗОВ И ПАССАЖИРОВ



На 3,2% с начала года вырос объем перевозок грузов, багажа и грузобагажа всеми видами транспорта по сравнению с аналогичным периодом предыдущего.

Всего за январь – сентябрь перевезено 725 587,6 тысячи тонн. Общий грузооборот составил 372 766,2 миллиона тонно-километров, что на 3,1% выше показателя девяти месяцев 2022 года. Пассажирооборот увеличился на 12% – до 54 082,1 миллиона пассажиро-километров, а пассажиропоток – на 8,7%, всеми видами транспорта за этот период перевезено 1 146 656 тысяч человек.

При этом по железной дороге перевезено 15 105,8 тысячи человек, что на 2,9% больше, чем в январе – сентябре 2022 года. Пассажирооборот составил 12 365,2 миллиона пассажиро-километров. Грузооборот вырос на 5% по отношению к девяти месяцам предыдущего года и достиг 243 026,6 миллиона тонно-километров, 308 080,7 тысячи тонн.

В региональном разрезе в январе – сентябре 2023 года наибольшее увеличение грузооборота всеми видами транспорта отмечается в Шымкенте (36,1%), Алматы (26,9%), Астане (19,6%), Восточно-Казахстанском (33,8%) и Павлодарском (28,8%) регионах.

Любовь РОББА, Астана

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ ӨТТІ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы филиалының бас инженерлеріне арналған шеберлік сабағы өтті. Қызметкерлер оған онлайн да, офлайн да қатысуға мүмкіндік алды.

Шеберлік сабағының тақырыбы «Конкурстық комиссия үміткерлерімен әңгімелесу жүргізу тәртібі» деп аталды. Компанияның Адами ресурстарды басқару департаментінің HR бизнес серіктесі Динара Сәрсембаева мен бас менеджері Дархан Төкенов жүргізген жиынға аталған департамент директоры Сауле Истлеева да қатысты.

– Сабақ барысында конкурстық іріктеу кезеңдері, алғышарттары, әңгімелесуді жүргізу форматы, үміткерлер біліктілігін бағалау, конкурстық комиссия мүшелерінің жауапкершілігі туралы айтылды. Сонымен қатар компанияның басқарушылық және корпоративтік біліктілік моделі, біліктілікті анықтау бойынша жобаман қойылатын сұрақтар туралы да сөз болды, – дейді Д.Төкенов.

Біліктілікті бағалауға арналған сұрақтардың ішінде адамдарды басқару бойынша «Сіз өзіңіздің қарамағыңыздағы қызметкерлермен қандай байланыс орнатасыз?», «Өз қызметкерлеріңіздің алдына қандай мақсаттар мен міндеттер қоясыз?» деген сауалдар болды. Ал сапа мен нәтижеге бағытталған жұмыстар бойынша «Әдетте ауқымды жұмыстарды қалай атқарасыз?», «Қысқа уақыт ішінде қандай жоба немесе іс-шараны қалай ұйымдастырыдыңыз?» деген сауалдар қойылатыны айтылды. Сол сияқты командалық жұмыстар, көшбасшылық, ынталандыру, тайм менеджмент бойынша да қабілеттерді анықтауға арналған сұрақтар легі ұсынылды.

Ұлан ОРАЗ



Мохаммед Аль Ага,
Abu Dhabi Ports Group директоры

БІЗ КӨБІНЕ ПОРТТАРМЕН ЖӘНЕ ЛОГИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРМЕН АЙНАЛЫСАМЫЗ. ЦИФРЛЫҚ САУДА ШЕШІМДЕРІН, ӘЛЕМ БОЙЫНША ДӘЛІЗДЕРДІ ҚҰРАМЫЗ, БАРЛЫҚ ЕЛДЕРМЕН ҚҰРЛЫҚТАРДЫ БІРКІТІРЕМІЗ. АЛ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛСЕК, БІЗ БИҮЛ ТИІСТІ МИНИСТРЛІКТЕРМЕН КЕЛІСІМ ОРНАТЫП, СОНЫҢ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ЭНЕРГЕТИКА, ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР, ПОРТТАР БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ КӨРДІК. МҮНДА БОЛАШАҚТА ҰНТЫМАҚТАСА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН, ЖАҢА ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАТЫН МҮМКІНДІКТЕР ӨТЕ КӨП.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ДО 2029 ГОДА ПАРК АО «НК «ҚТЖ» ПОПОЛНИТСЯ

300

СОВРЕМЕННЫМИ
ЛОКОМОТИВАМИ.

СПЕЦИАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ
БЕЗ ОТРЫВА ОТ
ПРОИЗВОДСТВА В
АО «НК «ҚТЖ» ЗАВЕРШИЛИ

4 772

ПЕРВОЗИМНИКА.

ПОЧТИ

8 000

ЖИТЕЛЕЙ ЗАПАДНОГО
КАЗАХСТАНА ПОЛУЧИЛИ
ПОМОЩЬ СПЕЦИАЛИСТОВ
КОНСУЛЬТАТИВНО-
ДИАГНОСТИЧЕСКОГО ПОЕЗДА
«САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН».

Жоба

ҮШІНШІ ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛІ ПАЙДА БОЛАДЫ

Қазақстан мен Қытай екі ел арасындағы үшінші траншекаралық Аягөз – Тачэн темір жолының құрылысын бастауға ниетті. Тиісті меморандумға Қазақстан көлік министрлігі мен ҚХР даму және реформалар жөніндегі мемлекеттік комитет қол қойды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Құжатқа Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚХР-ға ресми сапары барысында қол қойылды. Екі елдің жауапты ведомстволары «Қазақстан мен Қытай арасындағы үшінші траншекаралық теміржолды ашу мәселесін зерделеудің маңызы зор» деп есептейді. Маршруттың қолжетімділігін, оның ашылу шарттарын және қолданыстағы дәліздермен байланысын ескере отырып, екі тарап Аягөз – Тачэн темір жолының жобасын ілгерілетуге басымдық беру керек деп келісті. Сондай-ақ екі ел Бақты – Покиуты теміржол пунктін ашу және жолдың түйісуі бойынша бірлескен зерттеулер жүргізеді. Стандарттардағы айырмашылықтарды ескере

отырып, стандартты және кең жолақты теміржолдарды қосу жоспары әзірленеді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің 2023 жылғы мамырдағы бірлескен мәлімдемесінде көрсетілген Қазақстан мен Қытай арасындағы үшінші траншекаралық теміржол бойынша маңызды уағдаластықты іске асыру мақсатында екі елдің жауапты ведомстволары төмендегі бөлімдер бойынша өзара түсіністікке келді. Қазақстан мен Қытай арасындағы жерүсті көлік инфрақұрылымының өзара байланысының деңгейін арттыру мақсатында тараптар Қазақстан мен Қытай шекарасында үшінші траншекаралық теміржол мен өткізу пунктін ашу мүмкіндігін зерделеу үшін өзара түсіністік туралы меморандум

шеңберінде іс-қимыл жасауға дайын. Тараптар өз елдерінің тиісті ведомстволарымен олардың траншекаралық теміржол ынтымақтастығын іске асыруды алдын ала зерделеу функцияларына сәйкес жұмысты ұйымдастыру жөнінде бастамашылық жасауға дайын.

Екі ел халықаралық тәжірибеге сәйкес өз мемлекеттерінің аумақтарында учаскелерді алдын ала зерттеуді, жобалауды, салуды және қаржыландыруды жүзеге асыратынын атап өтті. Теміржолдың қиылысу нүктесі анықталғаннан кейін тараптар осы меморандум шеңберінде траншекаралық теміржол қатынасының схемасын әзірлеуді аяқтауға қатысты байланыстарды қолдайтын болады, оның ішінде жүктерді тасымалдаудың ықтимал әлеу-

етті көлемдері туралы ақпарат алмасады. Сонымен қатар өз аумақтары шегінде транзиттік тасымалдарды жүзеге асыратын пойыздардың немесе көлік құралдарының өтуін жеңілдету үшін аралас тасымалды ұйымдастырудың оңтайлы нұсқаларын зерделеу және екі тараптың транзиттік жүк көздерін игеруді, Қытайдан Еуропаға транзиттік және сыртқы сауда жүктерін халықаралық көлік бағыты бойынша және кері бағытта тартуды, Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойындағы порт инфрақұрылымының жобаларын қаржыландыруға жәрдемдесуді, порттарда және түйісу станцияларында мультимодальды жүктерді қайта өңдеуге байланысты әкімшілік кедергілерді азайтуға ықпал етуді көздейді.

НАЧАЛАСЬ ОТГРУЗКА УДЕШЕВЛЕННОГО ЗЕРНА В РЕГИОНЫ

Цены и оперативность поставок социально значимых продуктов питания в регионы обсудили в Правительстве на совещании под председательством вице-премьера Серика Жумангарина.



АКТУАЛЬНО

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Принять решение, которое позволит сократить сроки доставки продуктов питания в регионы, – такое поручение дал вице-премьер Серик Жумангарин АО «НК «ҚТЖ» неделю назад. О результатах проделанной работы на очередном совещании по стабилизации цен на социально значимые продукты питания информировал генеральный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Владимир Петров.

По озвученным данным, всего за девять месяцев 2023 года импорт сельскохозяйственных

грузов в Казахстан составил 2,1 миллиона тонн.

– Только на октябрь заявлена 341 тысяча тонн зерна на ввоз, из них согласовано 190 тысяч тонн. При этом по основному плану изначально было заявлено 58 тысяч тонн зерна, 132 тысячи дополнительно обработали с Минторговли и Ассоциацией переработчиков зерна. Отклонены заявки на 151 тысячу тонн только тех заявителей, которых не было в согласованном списке. Все заявки на ввоз муки на 10,1 тысячи тонн выполнены на 100%. Такая же ситуация по социально значимым продуктам питания – все заявки на

импорт СЗПТ в объеме 145 тысяч тонн исполнены. Согласования заявок ведутся в суточный срок, – сообщил Владимир Петров.

В то же время с начала октября наблюдается отставание по перевозкам зерна, муки и социально значимых продуктов питания внутри страны. По зерну планы выполнены на 76%, по муке – на 72%, по овощам – на 94%, по подсолнечному маслу – на 23%.

– Всем начальникам отделений ГП поручено в первую очередь подачу/уборку вагонов обеспечивать под продукты питания и рассматривать также заявки максимум в течение суток. Установлено круплосучное



дежурство, – отметил генеральный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».

В целом, по данным Бюро национальной статистики, после четырех месяцев снижения общего индекса цен на основные виды продуктов питания в межсезонье отмечается недельный рост на 0,1%.

Если рассматривать ситуацию в разрезе регионов, то наибольший рост цен с начала года приходится на область Ұлытау – 9,6%, на втором

месте город Астана с общим индексом роста в 7,6%. Как отметил на совещании Серик Жумангарин, это означает, что руководство данных регионов не ставит во главу угла продовольственную безопасность.

Лучший показатель наблюдается в Алматинской области (-0,2%). На сегодня это единственный регион, сумевший не только сдержать, но и снизить цены на СЗПТ с начала года.

Фото Александра ЖАБЧУКА

«БІЛІМ ЭКСПРЕСІ» ЖОБАСЫ – СЕМЕЙДЕ

 Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Апта басында Семей қаласында ұлттық компанияның ішкі тренерлерінің ұйымдастыруымен «Білім экспресі» семинар-тренингі өтті.

Екі күн бойы өткен шараға бөлімшенің Семей, Өскемен және Аягөз станцияларынан келген теміржолшылар қатысты. Жалпы саны жүз адам қатысқан семинар-тренинг төрт бағыт бойынша өткізілді. Атап айтсақ, «клиентке бағдарлану», «эмоционалды интеллект», «тиімді коммуникациялар» және «киікжіңді басқару» тақырыптары бойынша оқыту іс-шаралары ұйымдастырылды. Семинарға негізінен кадр бөлімі, есеп бөлімі, станция және вагон депосының басшысы, аға машинистер қатысқан болатын.

Екі күнге ұласқан шара барысы мейлінше қызықты әрі тартысты түрде өрбіді. Қатысушылар өзара алты топқа бөлініп, тренерлер берген тапсырмаларды орындап, ой-пікір алмасты. Сонымен қатар жұмыс барысындағы түрлі күрделі жағдайлар кезінде кикілжіңнен шығу, конструктивті диалог құру бойынша мысалдар келтіріп, ортақ талқыға салды.

Мұнымен қоса мейлінше түсінікті тәсілмен, жеңіл тілмен қажетті ақпараттар беріліп, тағылымы мол ойындар, тренингтер де өткізілді. Мәселен, «киікжіңнен шығу» тақырыбы бойынша дәріс өткізген тренер Жанбота Шакиров жұмыс барысындағы сөзбен іс-әрекетті өзара тиімді қарым-қатынас үстіне құрып, келіспеушіліктің деструктивті арнаға түсіп кетпеуі жөнінде кең көлемде түсінік беріп өтті. Қатысушылар да жұмыс орнында болған оқиғалардан мысалдар келтіріп, кикілжіңнен шығу жолдары жайлы ой бөлісті.

Екі күнге ұласқан шара соңында барлық қатысушыларға арнайы сертификат берілді.

ЖЫЛУ БЕРЕ БАСТАДЫ

 Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



Алдағы қысқа тыңғылықты дайындық жүргізген мекемелер қатарында Теміржолсу-Қызылорда да бар.

Жылу беретін маусымға қазандықтарды жүз пайыз дайындаған серіктестік аймақтағы теміржол нысандарын жылумен қатар ауыз сумен де қамтамасыз етеді.

Теміржолсу-Қызылорда серіктестігінің бастығы Насыр Абдуланың айтуынша, бүгінгі таңда нысандарды биылғы жылытуға қажетті көмірдің 414 тоннасы қоймаларға жеткізілген. Соңғы бірнеше жылда аймақта бірнеше станциядағы жылыту пештері көгілдір отынға ауыстырылып, газбен жылытуға көшкен. Дегенмен, әлі де көмір арқылы жылытылатын нысандар баршылық. Жылу желілері мен қазандық пештері жылу беру маусымы кезінде жұмыстан тыс қалмауы үшін алдын ала ағымдық жөндеуден өтіп, қазандықтарға техникалық тексеру жүргізіліп, жылу жүйелеріне гидравликалық сынақпен толықтай жуып-шаю жұмыстары жасалады.

– Көгілдір отынмен жылытылатын Тереңөзек, Белкөл, Шиелдегі екі пеш және Жаңақорған станцияларындағы газ қолданылатын жылыту пештерін жылу маусымына дайындап, 1621 метр шамасындағы жылу желілерін қысымды тазалықтан өткізіп, кем-кетігін түгендедік. Жалпы саны сегіз қазандық жылу беру маусымына сақадай сай тұр, – деді Насыр Абдулұлы.

Аймақтағы көгілдір отынға қосылған бес пешке қажетті газ және көмірмен жылытылатын 3 қазандықтағы пешке қажетті көмір жеткізу үшін құзырлы органдармен келісім жасалған. Көмір Төретам, Жосалы және Жалағаш станцияларындағы жылу қазандықтарының отын қоймаларына жеткізілген. Сонымен қатар газбен жылытылатын пештерге газ болмай қалу қаупі туындаған жағдайда пайдаланатын көмір қорымен оларды да қамтамасыз ету қарастырылады екен. Жылу қазандықтарының от жағушы машинистері арнайы киімдермен, қорғаныш заттармен қамтылып, зиянды жұмыс үшін берлетін қосымша, үстемелерін алып отыр.

Әрине, бүгінде салқын ерте түсетін солтүстік өңірде жылу беру маусымы әлдеқашан басталды. Ал оңтүстік, батыс аймақтарда жылдағы кесте бойынша 15 қазанда, ауа райына байланысты кейде одан да кеш қосылуы мүмкін. Қызылордада, соның ішінде теміржол мекемелерінде де осы аптада жылу беріле бастады.

Хабарлама

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Төрағасының 2023 жылғы 21 қыркүйектегі №129-НҚ бұйрығына сәйкес «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының бәсекелестік кірме жолы болмаған кезде кірме жолдар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге уақытша өтемдік тарифтерді бекіту туралы хабарлайды (2023 жылғы 1 қарашадан бастап осы бұйрықтың күші жойылғанға дейін):

- 150,78 теңге вагон/км мөлшерінде (КҚС-сыз) бәсекелестік кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызмет бойынша;

- маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ 50,36 вагон/сағ (КҚС-сыз) мөлшерінде бәсекелестік кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызмет бойынша.

«СЕРГЕК» КАМЕРАСЫН ОРНАТУДЫ СҰРАЙДЫ

Теміржол мен автокөлік жолы қиылысатын өткелдер мәселесі соңғы жылдары жиі көтерілетін тақырыпқа айналды. Жасырын емес, өткелдегі жол-көлік оқиғасының салдары орны толмас өкінішке ұрындырып, қайғылы жағдаймен аяқталып жатқан оқиғалар аз емес.

 Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Елімізде ғана емес, шет елдерде де теміржол өткелінде түрлі жағдайлар кездесіп жатады. Соның кесірінен айдың-күннің амаында қаншама жол-көлік оқиғалары орын алып, қанша адамның өмірі қиылып жатыр...

Қауіп-қатердің алдын алып, келеңсіз жайттардың жолын кесіп, теміржол өткелдерінде жүріс-тұрыс тәртібін орнатамыз дейтін маңғыстаулық теміржолшылар тексерістер мен рейдтік шараларды жиі өткізеді. Қазан айының 10-13 аралығында Маңғыстау жол дистанциясының мамандары осы бағытта кезекті іс-шара ұйымдастырды. Жаңаөзен қаласы мен Қарақия, Мұнайлы, Маңғыстау аудандарындағы теміржолға жақын орналасқан елді мекендерге және теміржолдан өткен көлік иелерімен профилактикалық жұмыс жүргізген олар ескерту парақшаларын да таратты. Оның алдында «Назар

аудар, өткел!» айлығын өткізген болатын. Осы іс-шаралар кезінде қаншама автокөлік жүргізушісін өткелден өту тәртібінен тағы бір рет хабардар етті.

– Маңғыстау жол дистанциясына қарасты 34 теміржол өткелі бар. Оның төртеуі күзетпелі, қалғаны күзетсіз. Біз ай сайын осы өткелдерде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп тұрамыз. Жыл басынан бергі тоғыз ай қорытындысы бойынша сегіз жүзден астам адаммен кездесіп, теміржолдан өту ережесін түсіндірген екенбіз. 1-31 тамыз аралығында өткен айлық аясында да бұл бағытта біраз жұмыс атқардық. Кейінгі кездері бір учаскеде жол-көлік оқиғасы қайталанып тұрғаны бізді алаңдатады. Маңғыстау – Өзен учаскесінде Маңғыстау-Р перегонының 13-шақырымында 2020 жылы да, 2021 жылы да осындай жағдай болған еді. Биылғы жазда дәл сол жерде тағы да екі рет жол-көлік оқиғасы тіркелді. Бұл өткел көлік қатынасы жиі жолдың бойында. Ол жерден



Құрыққа кететін, әскери бөлімге баратын Батыр ауылы бағытындағы автокөліктер көп жүреді. Соған байланысты теміржолдан өтетін автокөліктерге және жанында орналасқан елдімекен тұрғындарына, автопарк иелеріне, мекемелерге теміржолдан өтуде өте сақ болып, немқұрайлы қарамауды жиі ескертудеміз. Жоспарлы профилактикалық жұмыстардан бөлек жол полициясымен бірлесе рейдтерге де шығып тұрамыз. Тоғыз айда сегіз рет рейдтік шара жүргіздік, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Мұхтар Кулшанбаев.

Айтуынша, дистанция мамандары өткелдегі жол-көлік оқиғасының алдын алу мақсатында аудандық жол полициясына жақын жерлерге «сергек» камерасын қою туралы хат жолдаған. Сонда қауіп бұтты әлі де болса сейліп, ескертуді елемейтін жүргізушілер айыппұлдан сескеніп, өткелден өту ережесін сақтар еді деп санайды жолшылар.

Суретті түсірген автор

МҰНАЙ ЖОЛЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ



Қазіргі уақытта 4-класты станцияға жататын Мұқырдың тарихы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келеді. Мұнай тасымалына жедел жол тартуды мақсат тұтқан кеңес үкіметінің жобасы нәтижесінде салынған Гурьев – Қандыағаш телімі бойында жатқан Мұқыр станциясы, міне, сексен жылдан бері өлке тасымалына қызмет етіп келеді.

 Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Соңғы жылдары күрежолдың үстінде жатқан бұйығы станция қайта түлей бастады. темір жолдар жаңартылып, инфрақұрылым жаңғыруда. Станция бастығы, жас кадр Абылай Жолдастың айтуынша, станциялық жолдардың ағаш шпалы түгел темірбетонға ауыстырылған. Биыл Атырау – Сағыз учаскесі бойынша 13,67 км, рзд.279 – Мұқыр, Кенбай – Жамансор, Қоркөл – Рзд-464 аралығында 31,05 км жол салу мен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Станцияда негізгі жол үшеу және 4 кірме жол бар. Ағымдағы жөндеу нәтижесінде пойыз жүрудің станциялық жылдамдығы 100-120 сағат/шақырым құраған. Ал Талғо жүрдек пойызы сағатына 130 жылдамдықпен жүреді. Станцияда 40 адам жұмыс істейді, оның ішінде байланыс, электрмен қамту, вагоншылар, т.б. жұмысшылар бар. Олардың бәрі бір мақсатқа – станция арқылы өтетін жолаушы және жүк пойыздарының қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмылған.

Вокзал 150 орынға шақталған, ішінде вокзал қызметкерлерімен қатар станция бастығы мен станция кезекшісі де отырады. «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты электронды билет



кассасы жұмыс істейді. Вокзалға 2014 жылы күрделі жөндеу жүргізіліп, қызметкерлердің жұмыс істеуіне қолайлы жағдайдың бәрі жасалған. Станция арқылы тәулігіне 6 жұп жолаушылар пойызы, Талғо жүрдек пойызы және 20 жұп жүк пойызы өтеді. Солардың бәрін қабылдау, өткізуде соңғы жылдары дендеп еске бастаған сандық технологияның көмегі аз емес. Бүгінде заманға сай барлық құралдар электрлендірілген және цифрлық басқаруға көшуде. Мәселен, КТСМ қондырғысы жүріп келе жатқан пойыз доңғалақтарының ақауын тез тауып, көрсетеді. Бәрі компьютерде тайға

таңба басқандай көрініп тұрады. Станция АЛСН қондырғысымен де жабдықталған. Сол секілді бағдаршам, бұрмалар, басқа да құралдар жұмысы, оларды уақытылы жөндеу де үнемі байланысшылар назарында.

Жалпы, Мұқырда бүгінде 5 мыңның үстінде тұрғын бар. Бұрын жолаушылар пойызы үш-ақ минут аялдайтын. Кейін жергілікті тұрғындардың өтініші ескеріліп, пойыздың станцияда тұру уақыты 3 минуттан 5 минутқа ұзартылған. Атырау – Ақтөбе бағытындағы пойызға демалыс және мейрам күндері жалпы вагон қосу, Атыраудан Сағызға дейін аймақшілік жаңа рейс шығару мәселесі де жиі көтеріліп келеді. Атырау – Мұқыр аралығына айына екі рет мұнайшылар үшін бағталық пойыз да жүреді. Ауылдық жер болғасын жергілікті халықта мал басқы баршылық. Соған орай пойыздың мал басыуын болдырмау үшін станция жолдарының жиегіне қоршау орнатылған. Жол шаруашылығы қызметкерлері тұрмыз биылғы жылы 149,2 шақырым қоршау тұрғызылуы жоспарланып, көптеген учаскелерде, соның ішінде Мұқыр станциясында да қоршау салынды. Өткен тоғыз айда станцияда жазатайым оқиға, жарақат алу, қауіпсіздік ережесін бұзу жағдайы тіркелмеген.

Суретті түсірген автор

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«KTZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KTZ Express» АҚ) «KTZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2023 жылдың 27 қазанда 11:00 сағатта (Астана уақыты) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «KTZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «KTZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны төмендету аукционына мына Нысандар шығарылады:

№	Аты	Саны	Бастапқы баға	Бастапқы баға	Ең төменгі құны	Кепілдік жарна
1	Тұрақ орны, Астана қ., Шарль де Голль көшесі, 7 үй	1	3 619 616	10 858 848	3 619 616	542 942
2	Тұрақ орны, Астана қ., Ж. Нәжмединов көшесі, 16А үй, м. 90	1	2 292 620	6 877 860	2 292 620	343 893
3	Нысаналы мақсаты бар тұрғын емес үй-жай-көлік жуу, Астана қ., Ж. Нәжмединов көшесі, 16А үй, н. п. 14	1	178 082 240	534 246 720	178 082 240	26 712 336
4	Полуприцеп «СЗАП 99051/ SZAP 99051», номер 50CZA04, 2008 ж	1	1 412 143	4 236 429	706 072	211 821
5	Skoda Super B6, 988BQ01, 2010 жыл	1	6 481 861	19 445 583	6 481 861	972 279
6	Lexus LX 570, 103 RR01, 2019 жыл	1	67 433 876	202 301 628	62 713 505	10 115 081

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілім веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: BIC: 050540004455, BIC: HSBKZZKX, IBAN/ЖСК:

KZ946017111000000330, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің тағайындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды. Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақытылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу

күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда, сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлкті сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлкті тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Сатушы Нысанның кез-келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысушы рәсімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «KTZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көпшілік үшін қолжетімділікпен орналастырылған.

Қосымша ақпаратты 87710838734 («KTZ Express» АҚ, Астана қ., Дінмұхамед Қонаев, 10) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ, Астана қ., А.Жұбанов к., 16-үй, 4-қабат) телефондары бойынша алуға болады.

ИНИЦИАТИВА ОПОП ВЫСВЕТИЛА ГЛОБАЛЬНУЮ РОЛЬ КАЗАХСТАНА

(Окончание. Начало на 1-й стр.)
– Запущены такие крупные инфраструктурные проекты, как казахско-китайский логистический центр в Ляньюньгане, сухой порт «Хоргос», транзитная магистраль Западная Европа – Западный Китай, железнодорожный коридор из Китая в Иран. Планируется проложить 1,3 тысячи километров новых железнодорожных путей в течение трех лет, открыть третий железнодорожный пункт пропуска на границе с Китаем и построить новые сухие порты «Бахты» и «Калжат», – сказал Президент.

Благодаря инвестициям стран – участниц данного проекта свыше 150 стран Азии, Европы и Африки соединены разветвленной сетью железных дорог, высокоскоростных автотрасс и морских путей. В ОПОП значимое место занимает порт Ляньюньган с его казахстанским терминалом, который наряду с автомагистралью Западная Европа – Западный Китай, Сухим портом «Хоргос – Восточные ворота» является жемчужиной в сотрудничестве на современном Шелковом пути. Кроме того, отмечена роль Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ), который является одним из ключевых



маршрутов в рамках инициативы «Один пояс, один путь».

Сейчас ТМТМ становится «континентальным мостом «Пояса и Пути», вдвое сократив сроки грузоперевозок и существенно снизив транспортные издержки.

Казахстан и Китай подписали межправительственные соглашения, которые направлены на развитие ТМТМ. Одно из них предусматривает создание специальной группы между Казахстаном и Китаем, второе – строительство железной дороги от Аягоза до Тачэна, строительство третьего пропускного железнодорожного пункта между Казахстаном и Китаем, а также создание терминальных мощностей на приграничной зоне.

Напомним, в ноябре прошлого года Казахстан, Азербайджан, Грузия и Турция подписали «дорожную карту» по синхронному устранению «узких» мест и развитию маршрута ТМТМ до 2027 года. В августе 2023 года был представлен актуализированный вариант документа. Благодаря этому срок прохождения товаров из Китая в Европу и обратно сократится до 10-15 дней.

В концепции развития транспортно-логистического потенциала Казахстана прогнозируется, что через семь лет через ТМТМ будут провозить до 20 миллионов тонн транзитных и других грузов. К 2030-му пропускная способность может вырасти в

10 раз. Объем грузоперевозок по ТМТМ только за первое полугодие превысил 1,3 миллиона тонн, увеличившись по сравнению с соответствующим периодом прошлого года на 77,2%.

ЮБИЛЕЙНЫЙ ПОЕЗД В ПУТИ

Не так давно, 15 октября 2023 года, из г. Сиань (КНР) осуществлена отправка контейнерного поезда, приуроченная к 10-летию инициативы «Один пояс, один путь». Поезд проследует по Шелковому пути через Казахстан в страны Центральной Азии.

Контейнерный поезд организован совместным предприятием АО «Кедентранссервис» (дочерняя организация АО «НК «ҚТЖ») и международного сухого порта г. Сиань – ООО «Китайско-казахстанская торгово-логистическая компания», под эгидой которого ведется строительство грузового терминала в Сиане.

В составе юбилейного поезда отправлено более 1 000 тонн сборного груза со сроком доставки в 12-13 суток.

Бесперебойное курсирование поездов из г. Сиань в широком спектре направлений придаст дополнительный импульс расширению транзитно-транспортного потенциала двух стран.

ИЗ ПИЛОТНОГО – В ПОЛНОМАСШТАБНЫЙ



На станции Дария Карагандинской области продолжается реализация проекта по строительству скотоизгороди. Работы проводятся силами представителей местного акимата, железнодорожников, предпринимателей, владельцев скота. На сегодняшний день уже огорожено около двух километров пути железнодорожного полотна.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

